



# Сыр бойы

№38-39 (21113-21114) 14 наурыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

## DIGITAL QAZAQSTAN ЖОБАСЫ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТТІ

Кеше Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Digital Qazaqstan жобасының жүзеге асырылуы жөнінде жұмыс кеңесі өтті.

Мемлекет басшысына Жоғарғы сот пен Сот әкімшілігінің, Ұлттық банктің, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының цифрлық шешімдері таныстырылды. Мемлекеттік органдардың жетекшілері Президентке экономика салаларын және мемлекеттік басқаруды цифрлық тұрғыдан трансформациялау бойынша атқарылған жұмыс пен алдағы жоспар жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік құрылымдар жасанды интеллект және цифрландыру жылы аясында ауқымды жұмыс істеуі қажет екеніне назар аударды. Негізгі мақсат – озық технология мен жасанды интеллектті ел өмірінің әр саласына жаппай енгізу.

– Ең алдымен, қолайлы институционалдық, құқықтық және іскерлік орта қалыптастыру қажет. Қазақстан – ынғайлы және озық цифрлық реттеу жүйесін енгізген елдердің қатарында. Біз бұл жұмысты алғашқылардың бірі болып бастадық. Атап айтқанда, елімізде Цифрлық кодекс қабылданды. Жасанды интеллект туралы арнайы заң күшіне енді. Бірақ бұл тек ауқымды жұмыстың басы ғана, мұнымен тоқтап қалмауымыз керек. Әлемде болып жатқан өзгерістердің қарқыны өте жоғары. Оны жақсы білесіздер. Ғылым, білім, технология аса жоғары жылдамдықпен дамып жатыр. Сондықтан нормативтік құжаттарды да дер кезінде жаңартып отыру керек. Бір сөзбен, қазіргі заманда әрбір азаматқа түсінікті және айқын болатын «Цифрлық мемлекет» ұғымын қалыптастыру қажет, яғни Digital Qazaqstan стратегиясы азаматтар мен бизнестің нақты талап-тілегін ескеруге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Digital Qazaqstan халық мүддесіне қызмет ететін құжат болуға тиіс. Бұл ретте шұғыл

шешімін табуға тиіс бірқатар мәселе де бар.

– Мемлекеттік аппарат қызметін цифрландыруды жеделдету қажет. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметтің 90 пайыздан астамы онлайн форматқа ауыстырылған. Ведомствоаралық аппарат жүйелері біріздендірілген үдеріске кіріктірілмеген. Жеделдік пен сапа барлық кезеңде басымдыққа айналуда тиіс. Бұған дейін айтқанымдай, адамдарды жүгіртіп, әуре-сарсаңға салмай, деректерді барынша қолжетімді еткен жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Qazaqstan стратегиясында қағазбастылықтан арылып, ішкі процестерді түбегейлі қайта құруға баса мән беру қажеттігін ескертті.

– Цифрландыру мен бюрократия – от пен су сияқты бір-біріне кереғар құбылыстар. Біз заманауи технологияларды ескірген бюрократияның тар шеңберіне қамауға тырыспай, жаңаша жұмыс істеп үйренуіміз керек. Заманауи цифрлық мемлекет жасанды интеллектке бейімделуге және ауқымды деректер қорын онтайлы пайдалануға міндетті. Осынау жана әрі күрделі саланы маманы – сіздер. Қайткенде де, солай аталасыздар. Ендеше не тұрыс? Бізге нәтиже керек. Жасанды интеллект туралы жаңалықтарды үнемі оқып отырамын. Технологияның қарқынды дамып келе жатқаны соншалық, Қазақстанның цифрлық келешегіне алаңдай бастайсың. Меніңше, процесс өте баяу жүріп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметке мемлекеттік аппаратты түбегейлі трансформациялау міндетін жүктеді. Сонымен қатар цифрландыруға қатысты салаларға тән жұмыс барысын барынша онтайлы жолға қоюды тапсырды. Кеңесте бірқатар министрлер баяндама жасады.

/// 14 НАУРЫЗ КӨРІСУ КҮНІ



## АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ!

Қазақ халқының ұғымында 14 наурыз – Амал күні, яғни, атының өзі айтып тұрғандай, ай ортасынан аса келетін Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін қарсы алудың қам-қарекетін (амалын) жасау. Дәлірек айтсақ, тоқсан шығып, тоң жібіп, Жер-Ананың бауыры бусанатын шақ. «Амал келді, жыл келді» деп отыратын үлкен кісілер. Кейде осы күндердің бірінде аспаннан жұқа қар жауған кездер де болған. Халық мұны жақсылыққа балаған. Әдебиеттегі «Наурыздың ақша қарындай» деген теңеу сөз содан қалған болса керек.

Амал мерекесінде жұрт жаппай мал-жанның қыстан аман-есен шыққанын сүйіншілеп, көрші-көлем, ағайын-туыспен хабарласып, өкпелескен жандар татуласып, емен-жарқын жүзеседі. Қолында барың бөлісіп, қыстан қалған сүр етін қазанға салып, наурызкөжесін дайындап, бір-бірінің дастарқанынан дәм татады. Одан әрі көктемгі шаруаның жайы, қыстан аман шыққан мал басын жазық дала төсіне, жайлауға шығару сияқты тіршіліктердің басталатыны белгілі.



/// ЕГІН – 2026

## ДАЛА ҚОСЫНЫҢ ДҮБІРІ ЕСТІЛЕДІ

Өңірде көктемгі егін науқанына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл облыс бойынша 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Өткен жылмен салыстырғанда негізгі дақыл – күріштің көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, жалпы 70 мың гектарға орналастырылады. Қысқарған күріш алқаптарының орнына жүгері егу жоспарланып отыр.

11 наурыздағы дерекке сүйенсек, «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 1176 текше метр су түседі. Қоймадағы су көлемі 5 млрд текше метрді құрайды. Төменгі ағы-

сына 600 текше метрі жіберілуде. Ал «Көксарай» су реттегішінде жинақталған су көлемі – 1,5 млрд текше метр. Ол былтырғы жылдан 354 млн текше метрге артық.

2-бет

8-бет

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

## ЖАЛАҒАШ: ЫНТА – ЫРЫС БАСТАУЫ

Жалағашта іске асқан ауқымды жоба жеткілікті. Мұнда егін егу мен төрт түлікті өрістетуден бөлек, кейінгі жылдары кәсіп ашуға ынталылар саны артқан. Қазір аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны 2800-ден асады. Ал салада 4200-ден астам тұрғын жұмыспен қамтылған.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің мәліметінше, мемлекеттік, сондай-ақ өңірлік бағдарламалармен шағын және орта кәсіпті бастауға немесе кәсібін әрі қарай дамытуға 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант беріледі. Өткен жылы 277 жоба 5 млрд 175,4 млн теңгеге қаржыландырылған. Ал оның ішінде Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасында көрсетілгендей, «Ауыл аманаты» жобасымен 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жобаға қаржылық қолдау көрсетілген.

Биыл аудан бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасының «Amanatnesie.kz» цифрлық платформасына 307,1 млн теңгені құрайтын 43 жоба еніп отыр.

2-бет

/// Өңір өнімі

## АҚСУАТТА ЖАСАЛҒАН

Кейінгі жылдары қызылордалық Сәрсенкүл Аралбаева шұлық цехын ашып, кәсібін жандандырып келеді. Жақында кәсіпкермен хабарласып, цехқа барып қайтқан болатынбыз.

Кәсіптің сан түрі бар. Бірақ біздің өңірде шұлық тігуді алғашқылардың бірі – «Аралбаева» жеке кәсіпкерлігі. Қазір бұл тауарлар еліміздің барлық аймағына таралған. Сапасы әлдеқайда жоғары. Цех басшысы жұмыстың ілгерілегенін, тапсырыстың артқанын айтты. Мұнда 8 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

– Алдымен кәсіптің қалай басталғанына тоқтала кетейін. Ауылдық әкімдік қызметкерлері үй-үйді жағалап, мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдетілген несиені алып, іс бастауға болатынын хабардар етіп жүрді. Біз мал шаруашылығына тоқталдық. Бірақ мамандар өзге кәсіп таңдауға кеңес берді. Балам шұлық өндірсек деген ой салды. Отбасылық кәсіпті жолдасым екеуіміз қолдалдық. Жобамызды жан-жақты зерттеп, ұсындық. Сәтті қорғап, қолдау таптық. Осылайша 2023 жылы цех іске қосылды. Мемлекеттен 2,5 пайызбен несиені алдық. Сол жылы шұлық өндіруге арналған құрылғыны Қытайдан әкелдік. Біреуін, одан кейінгі жылы екі техника қостық. Қазір 5-еуі. Қосымша құрылғыны алу үшін өңір кәсіпкерлерінің жобаларын жеңілдетілген несиенен қамтамасыз



ететін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының қызметіне жүгініп, 6 пайыздық несиені алдық, – дейді кәсіпкер.

7-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## КЕҢЕС БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Орталық Азиядағы және Қазақстандағы БҰҰ әйелдері координациялық кеңесінің басшысы Джерен Гювен Гюрешпен кездесті. Кездесуде елімізде ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндік берілгені, отбасы құндылықтарын сақтау мемлекеттік саясаттың басты бағытының бірі екені айтылды.

– Қазақстан он бес жылдан астам уақыттан бері Біріккен Ұлттар ұйымының Әйелдер ұйымымен ашық әрі сенімді серіктес болып, өзара қарым-қатынасты дамытып келеді.

Жана Ата Занның жобасында неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екені нақтыланған. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықты деңгейде қорғауға, әйелдер құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Аймағымызда отбасы институтын дамыту, аналарды әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстар нәтижелі іске асырылуда. Соңғы екі жыл қатарынан «Анаға тағзым» республикалық форумы өткізіліп келеді. Оған ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасы Балаева Аида Ғалымқызы, республиканың барлық аймағынан делегаттар қатысып, дәстүрлі тәжірибе аланына айналды. Форум быыл да ұйымдастырылады.

Қызылорда облысының әкімдігі ашық диалогқа, халықаралық әріптестік байланыстарға әрдайым дайын екенін мәлімдеймін, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Джерен Гювен Гюреш бірлесіп жұмыс атқару ниетін білдіріп, алдағы жоспарларын бөлісті.

Айта кетейік, бүгінде өңір халқының саны 845 135 адам, оның 49,6 пайызы – әйелдер. Қалалық жерде 185 мың, ауылдарда 230 мыңнан астам әйел тұрады.

Облыста 160 мыңнан астам отбасы болса, оның 48 мыңнан астамы көпбалалы, 17 мыңға жуық «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері бар.

Мемлекеттік қызметшілердің 45,4 пайызы, медицина қызметкерлерінің 88,1 пайызы, педагогтердің 78,3 пайызы, жалпы бюджеттік салада жұмыс істейтіндердің 62 пайызы, шағын және орта бизнестегілердің 55 пайызы – қыз-келіншектер.

Координациялық кеңес басшысының Сыр өңіріне сапары аясында маңызды іс-шаралар ұйымдастырылады.

## ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ҚОЛДАУ БАР



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Reinke Manufacturing Co., Inc. компаниясының вице-президенті Филип Джарвиспен кездесті. Кездесуде өңірге инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

– Біз Reinke Manufacturing Co., Inc компаниясының ауыл шаруашылығына арналған ирригациялық жабдықтар мен механикалық суару жүйелерін өндіруге маманданғанын жақсы білеміз. Осыған орай, ирригациялық жабдықтар өндірісін біздің өңірде локализация жасау мәселесі қызықтырады.

«Харвест» компаниясы біздің аймақта 23 мың гектарға жуық суармалы жерді игеруде ауқымды жұмысты бастап кетті. Бұл жобаның алғашқы кезеңінің өзіне кемінде 450 бірлік суармалы жүйе қажет. Екінші кезеңінде 35 мың гектар алқапқа 700 бірлік суармалы жүйе қолдану көзделуде.

Біз өндірістік қуатты тікелей негізгі тұтынушы орналасқан аймаққа шоғырландыруды ең тиімді стратегия деп санаймыз. Себебі, бұл габаритті емес конструкцияларды тасымалдау шығынын жойып, сервистік қызмет көрсету жеделдігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылған факторларды ескере келе, Сізден осы жобаны орналастыру үшін біздің өңірді қолайлы әрі болашағы зор инвестициялық алаң ретінде қарастыруға шақырамыз. Өз тарапымыздан жобаны іске асырудың әр кезеңінде мүдделі инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуге және кешенді сүйемелдеуге кепілдік береміз, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 4 млрд АҚШ долларына жуық, былтыр 1 млрд 600 млн АҚШ долларынан астам инвестиция, 9 айдың қорытындысымен 205 млн АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды.

Экономикалық әртараптануды мақсатында 2026-2029 жылдары аймақта 3 млрд 400 млн АҚШ долларға 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10308 жаңа жұмыс орны ашылады. Быыл 183 млн АҚШ доллары болатын 21 жобаны іске қосу жоспарлануда.

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

## ЕҢ БІРІНШІ МІНДЕТІМІЗ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосып жүрген белсенді депутаттардың бірі – Мағжан Ералиев. Ол ең үлкен жауапкершілік халықтың сенімін ақтау екенін айтады. Бұл жолда депутат елмен етене еңбек етуде. Жақында аманат арқаалаған азаматпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Мағжан Абзалұлы, депутат халық пен билік арасындағы алтын көпір іспетті. Сайлаушылар сенімін ақтау – ең үлкен жауапкершілік. Атқарылған істердің ауқымы туралы айтсаңыз...

– Өзіңіз айтқандай, депутат болу – ең алдымен сенім мен зор жауапкершілік. Мен үшін бұл қызмет – халық пен атқарушы билік арасындағы байланысты нығайту, тұрғындардың ұсыныс-пікірін нақты іске айналдыру алаңы. Сайлаушыларымыздың әр өтінішін жеке бақылауға алып, тиісті мемлекеттік органдармен жүйелі жұмыс жүргізуге тырысамын. Ең басты қағидатым – ашықтық, әділдік және нақты нәтиже. Соңдай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған жергілікті биліктің тың бастамаларын жүйелі іске асыруда бірлесіп еңбек ете отырып, түйткілді мәселелерді шешуге ықпал етіп келеміз.

– Сіздің тараптан қоғамдық қабылдау қаншалықты жиі өтеді? Тұрғындар қандай мәселемен келеді?

– Қоғамдық қабылдауды жоспарлы түрде ай сайын өткіземін. Соңдай-ақ елді мекендерге арнайы барып, көшпелі кездесулер ұйымдастырамын. Азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдап, тиісті жұмысты қолға аламын.

Қазіргі таңда жиі көтерілетін мәселелердің қатарында инфрақұрылым (жол, жарық, ауыз су), әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту және ауыл шаруашылығын дамыту бағыттары бар. Әлеуметтік қолдау шараларынан бөлек, денсаулық сақтау саласындағы жобаларды ілгерілету бойынша мәселе де айтылып, шешілуіне көмек көрсетуі сұрайды. Нәтижесінде әр мәселе бойынша жауапты мекемелермен бірлесіп жұмыс атқарылады. Кейбір түйткілдер



жергілікті деңгейде шешілсе, жүйелі өзгерісті қажет ететін сұрақтар бойынша депутаттық сауалдар жолданып, бақылау жұмыстары жүргізіледі.

– Депутаттық қызметіңіздегі атқарылған жұмыстармен бастамалар жайлы ақпараттандыру қаншалықты жүйелі жүргізіледі?

– Атқарылған жұмыстарды халыққа жүйелі түрде жеткізу сенімді нығайтудың маңызды бөлігі деп санаймын. Осы мақсатта әлеуметтік желілер арқылы, жергілікті БАҚ беттерінде, сондай-ақ есеп беру кездесулерінде тұрақты ақпарат беріп отырамын. Өр бастаманың барысы мен нәтижесі ашық жарияланып, кері байланыс орнатуға басымдық беріледі.

– Қазір жастар мен жасөспірімдер мәселесі өзекті. Депутат ретінде жастардың ортасында қаншалықты боласыз?

– Дұрыс айтасыз, қазіргі жастардың ойлау қабілеті де, арман-тілегі де өзгеше. Ізденелі, жаңа дүние ойлап табуға тырысады. Жаңашылдыққа бет бұрып, технологияның тілін еркін меңгерген. Жұмыс барысында жастармен жиі кездесемін. Жалындап тұрғандары жетерлік. Облыстың мерейін үстем етіп жүргендері де бар. Олармен кездесу барысында ұсынған жобаларын қолдауға

әркез дайынмын. Қай саланы алып қарасақ та, белсенді жастарды байқап қаламын. Дегенмен жұмыссыз, қоғамнан өзін таба алмай жүрген жастарға да бағыт-бағдар беріп, қолдан келгенше көмек қолын созуға тырысамын. Жалпы жастарды қолдауға бағытталған шаралар жүйелі іске асырылып келеді деп айта аламын.

– Сонымен қатар, сіз «Абзал және компания» толық серіктестігінің директоры қызметін де атқарасыз. Кәсіпорының бүгінгі тыныс-тіршілігі, атқарылып жатқан негізгі жұмыстар туралы кеңірек айтып өтсеңіз...

– «Абзал және компания» толық серіктестігі – өңіріміздегі аграрлық саланың жетекші кәсіпорындарының бірі. Компания күрші өсіру, өңдеу және өндіру бағытында тұрақты жұмыс атқарып келеді. Заманауи технологияларды енгізу, өндіріс тиімділігін арттыру және сапа стандарттарын сақтау – негізгі басымдықтарымыз. Кәсіпорында жаңа жұмыс орындарын ашу, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы өнім сапасын арттыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Бұл – жүйелі жұмыстың жемісі.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай? Ел мен өңір дамуына бағытталған қандай маңызды бастамалар бар?

– Ауыл инфрақұрылымын жақсарту, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, жастарды қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы бастамалар жалғасалы. Сондай-ақ халықпен жиі жүздесіп, пікір алмасып, әрбір тұрғынның талап-тілегін тыңдап, қоғамдағы өзекті мәселелерді назардан тыс қалдырмау – басты міндетім. Мен үшін басты мақсат – ел сенімін ақтау және туған жеріміздің тұрақты дамуына нақты үлес қосу. Адал еңбек етіп, нық қадм жасауды мақсат етемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## ДАЛА ҚОСЫНЫҢ ДҮБІРІ ЕСТІЛЕДІ

– Жылдағыдай күріш егу науқаны сауір айының ортасында басталды. Облыс бойынша егілетін күріштің 2,7 пайызы ғана отандық сорттар. Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымның сапасын себу дәрежесіне жеткізу жұмыстары егін науқаны басталғанға дейін толықтай аяқталады. Вегетациялық кезеңде егінді сумен қамтамасыз ету үшін су жүйелерін тазарту, құрылғыларды реттеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Көктемгі дала жұмыстарына қажетті жанар-жағармай қоры алдын ала қарастырылған. Атап айтқанда, шаруаларға 10,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Ал өңірдегі негізгі дақыл – күрішті егу жұмыстары сауір айының үшінші онкүндігіне жоспарлануда. Биыл егін көлемінің 89,7 мың гектарын дөңді дақылдар, 6,1 мың гектарын майлы дақылдар, 73,2 мың гектарын малазықтық, ал 16,8 мың гектарын картоп, көкөніс, бақша дақылдары құрайды. Қолда бар 3975 ауыл шаруашылығы техникалары толығымен жөндеуден өткізілген.

Жалпы, өңірде көктемгі дала жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп, шаруалар жаңа маусымға тың дайындықпен кірісуде.

Облыста су ресурстарын тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында мемлекеттік қолдау шараларына алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Оның ішінде 2026 жылға 10 млрд теңге бөлініп отыр. Сол арқылы су үнемдеу технологияларымен егіндік көлемін 16 мың 700 гектарға ұлғайту жоспарланған.

– Бұл үшін Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандарында 6 инвестициялық жобаны іске асыру қолға алынды. Алдағы вегетациялық кезеңге дайындық мәселелері бойынша салалық республикалық және облыстық мекеме басшылары, су шаруашылығы мекемелері және қаржылық институттар басшыларымен арнайы жұмысшы топ құрылды. Олар суды көп қажет ететін дақылдар көлемін онтайландыру, су үнемдеу технологиясын енгізу, оларға берілетін мемлекеттік қолдау, заңсыз артық егін екпеу жөнінде барлық ауданда желтоқсан айынан бастап шаруашылық құрылымдарына түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде. Сонымен қатар, 2025 жылы дикандар күріштің 60 мың гектарын лазерлік тегістеуден өткізсе, биыл бұл көрсеткішті 65 мың гектарға жеткізу жоспарланған, – деді басқарма басшысы.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

1-бет

## ЖАЛАҒАШ: ЫНТА – ЫРЫС БАСТАУЫ

Мемлекет қолдауын алған жалағаштың бірі – Әсел Абақтызы. Былтыр ол «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы 400 АЕК қайтарымызсыз грант жеңіп алып, кәсіп бастады.

– Өу баста өз мамандығыммен Әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде мұғалім болып қызмет еттім. Артынша тұрмыс құрып, жолдасымның жұмыс бабымен басқа қалада болдық. Екі жыл бұрын туған жерге қайта оралдық. Өзім отбасылық жеке кәсіп ашуды ойлайтынмын. Өулет үлкендері де, күйеуім де қолдады. Қазір интернет дамыған заманда елге не қажет екенін табу қиын емес. Өзіңіз білесіз, бүгінгі балалар дүкенге барса, міндетті түрде қытырлақ чипсы алады. Оның зиян екенін білсе де кей ата-ана бала көңілі үшін мөжбүр. Осыны ойлап, ешқандай қоспасыз, жеміс-жидектен жасалатын чипсы мен кептірілген жеміс дайындағым келді. Бұл кәсіп елімізде толық дамымаған. Ілгеріде әжелер алмадан және қауыннан қас істеуші еді. Ал бұл сол қактың қазіргі заманауи түрі ғой, – дейді Әсел.

Кәсіпкер өз ісін бастамас бұрын көп ізденіс үстінде болғанға ұқсайды. Алматыдан қажетті білім алып үлгерген. Артына үйінің бір бөлмесін шағын цехқа айналдырып, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алды. Олар – түрлі жемістерді езуге, кептіруге және сақтауға арналған арнайы құрылғылар. Қазір Әселдің тұрақты тұтынушылары жетерлік. Көбісі әлеуметтік желідегі жарнама арқылы келеді. Тіпті аудан орталығындағы кейбір дүкен иелері де ұсыныс беріп, мұндай өнімдерді өз сөрелеріне қоюға қарсы емес екен.

– Ең бастысы, жеміс және табиғи пастила өнімдерін дайындап, халыққа пайдалы, қоспасыз тағам ұсынуды мақсат еттім. Қазір өз дүкенімнің жобасын сызып, алғашқы қаламдарды жасап жатырмыз. Өзірге көп адамды жұмыспен қамтуға қаржылық мүмкіндігім шектеулі. Бірақ болашақта шағын цехтан кейін үлкен фирмага айналып, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты арманым. Мемлекет қолдауына сүйене отырып, тек табыс табу ғана емес, халыққа сапалы әрі табиғи өнім ұсынып, бірнеше отбасының напакасына себепші болғым келеді, – дейді ол.

Әсел қажетті жемістерді аудан орталығындағы дүкен сөрелерінен, арнайы Қызылорда қаласынан және «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағынан жиі алып тұрады. Өнімнің көбіне балалар тұтынатындықтан, ол сапаға салғырттық танытпау керектігін айтып отыр.

Ал Айдарбек Жанұзақов – ұзақ жыл бойы темір мен темірді түйістіріп жүрген дәнекерлеуші. 2009 жылдан бастап Алматы, Атырау сынды қалада еңбек етіп, тәжірибе жинаған. Кейін елге келіп, осы бағытта, яғни темір бұйымдармен жұмыс істеуді нықтап қолға алған еді.

– Біздің шеберханадан шығатын қарапайым қақпа мен қоршаудан бастап, тұрмысқа қажетті сан алуан өнім бар. Ал кейінгі 4 жыл көлемінде жүк көліктерінің темір қораттары жасауды жолға қойдық. Өткен жылы ғана «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микро-қаржылық ұйымынан 6 пайыздық жеңілдетілген несиеге қол жеткіздік. Осы қаржымен бастаған

кәсіпімді ұлғайттым. Шеберханаға екі бірдей станок әкеліп, өндірісті кеңейттік. Бастысы, сапаға жұмыс істегендіктен, бізге тапсырыс берушілер жер-жерден келеді, – дейді ол.

Расымен де оның жұмысы өте жоғары бағаланғандықтан шығар, былтыр облыстан бөлек, көрші Жезқазған қаласынан бірнеше тапсырыс қабылдапты. Өрі бәрін уақытылы орындаған.



Сондай-ақ Шымкент, Семейден де хабарласып, тапсырыс беретіндер бар.

– Менің ойымша, біздің қоғамға тек кеңсе жағалаған емес, қара жұмыстың да жүгін арқалай алатын азаматтар қажет. Өз басым бірнеше бітіруші студентке «келіп үйренем десендер, қарсы емеспін» дедім. Бірақ көбінің көзі жеңіл жұмысқа түседі. Ренжімеймін, өзім де балаларымның таза, жайлы жерде еңбек еткенін қалаймын. Бірақ бір-екі күн осы жұмысқа келмей қалсаң, үйге сыймай кетемін. Таза киініп жүрсе де, осы шеберханамның есігі өзіне тартып тұрады. Адам да жаны сүйетін істен ләззат алмай ма?! – дейді дәнекерлеуші кәсіпкер.

Өз қолынан келген істі кәсіп тетігіне айналдырған жігіт жұмысының барлығын әлеуметтік желіге салады. Сол арқылы тұтынушылардың келетіні рас. Тіпті осы саладағы мамандармен тікелей байланысқа шығып, онлайн тәжірибе де алмасып жүр.

– Алғашында жұмысты есік алдында бастадық. Одан соң шағын цех болды. Енді оны кәсіпорынға айналдырғын келетіні рас. Өлі де Үкіметтің қолдау тетіктері болса, жұмысшы мамандарды көбейтіп, уақытты та ұтымды пайдаланғанға не жетсін?! Өйткені, бір үлкен көліктің артық жүк қорабын құрастыруға және дәнекерлеуге бір айға жуық уақыт кетеді. Бірақ қазір бар болғаны екі маман ғана жұмыс істеп жатыр, үлгермей қаламыз. Қаржылық қолдау болса, біз жұмыс күшін арттырып, жүк қораттарына тапсырысты мол алып, оны 10 күнге жетпейтіндей уақытта дайындай аламыз, – дейді Айдарбек.

Айтуынша, шеберханадағы әр жұмыс ұқыптылықпен атқарылады. Көбінесе ресейлік темір бұйымдары қолданылып, сапаға деген талап қатаң сақталып отыр. Арнайы тапсырыспен өнімге қажеттісіні Қызылорда қаласынан алдыртады екен.

Қос кейіпкеріміздің бар мақсаты – өнім көлемін арттырып қана қоймай, жұмыссыздықты болдырмауға да сеп болу. Айта кетейік, мемлекет ұсынған қолдау бағдарламаларының Жалағаштағы кәсіпкерлік кеңейтумен қатар, жұмыспен қамтылу көрсеткішінің артуына да көмегі көп. Биыл да салаға қатысты нәтижелі жұмыс жалғасын табады.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

1-бет



|   |                                                                                                                                                            |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру;                                                                     |
|   | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру.                                                                   |
| 2 | Денсаулық сақтау:                                                                                                                                          |
|   | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер;                                                                                                    |
|   | Саламатты өмір салтын насихаттау;                                                                                                                          |
|   | Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған саптық алу және сақтау. |
|   | Шұғыл жағдайларда сырқатты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру;                       |
|   | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету.                                |
|   | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру.                                                     |
|   | Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар.               |

Аббревиатура:  
«ЖИТС» - жүре пайда болған иммундық таусылу синдромы.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы « 25 » ақпандағы № 225 шешіміне 3-қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «09» желтоқсандағы №199 шешіміне 5-қосымша

#### Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспортының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізімі

| ББӘ | ББ  | Атауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл |
|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------|----------|
| 110 |     | Облыс мәслихатының аппараты                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |          |          |          |
|     | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                                                                                   |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппаратты күтіп-ұстау шығындары                                                                                                                                                                                                                 | 100%     | 100%     | 100%     |
| 120 |     | Облыс әкімінің аппараты                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |          |          |          |
|     | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                                                                                       |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппаратты күтіп-ұстау шығындары                                                                                                                                                                                                                 | 100%     | 100%     | 100%     |
|     | 009 | Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу                                                                                                                                                                                                                                                                                    |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | 8 кент әкімінің және 21 ауылдық округ әкімдерін сайлауды өткізу                                                                                                                                                                                                                                                                  | 100%     | 100%     | 100%     |
| 269 |     | Облыстың дін істері басқармасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |          |          |          |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                                                    |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру                                                                                                                                                                                                                                                        | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | Жүктелген міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппаратты күтіп-ұстау шығындары                                                                                                                                                                                                                 | 100%     | 100%     | 100%     |
|     | 005 | Әңірде дін ахуалды зерделеу және талдау                                                                                                                                                                                                                                                                                          |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Діни және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру, %                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | Профилактика объектілерін оңалту, %                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 100%     | 100%     | 100%     |
|     | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілген нысаналы ағымдағы трансферттер                                                                                                                                                                                                                                                                 |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Діни және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру, %                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
|     |     | Профилактика объектілерін оңалту, %                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 100%     | 100%     | 100%     |
|     | 282 | Облыстың тексеру комиссиясы                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |          |          |          |
|     | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                                                                                                       |          |          |          |
|     |     | Нысаналы индикатор:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |
|     |     | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                                           | 100%     | 100%     | 100%     |
|     |     | Түпкілікті нәтиже:                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |          |          |
| 067 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 068 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 069 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 070 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 071 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 072 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 073 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 074 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 075 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 076 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 077 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 078 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 079 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 080 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 081 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 082 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 083 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 084 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 085 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 086 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 087 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 088 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%     | 100%     | 100%     |
| 089 | Түпкілікті нәтиже:<br>Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды көрсеткішті қызметтердің құнын субсидиялау.<br>Нысаналы индикатор:<br>суармалы судың құнын субсидиялау, текше метр.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 100%</   |          |          |



Иә, алақандай ауылда өссе де, арманы Алатаудай биік албырт бозбала аттестатын алған соң көп ойланбай, Алматы шаһарын бетке алған-ды. Алып-ұшып барған бойда оқуға түсіп кете алмаса да, алған бетінен қайтпай, ақыры С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп шықты. Журналистик жолын 1981 жылы Алматы облысы Іле аудандық газетінің тілшісі болып бастап, кейін жауап

ол «Меценат.кз» әдеби сыйлығының тұңғыш лауреаты атанды. Айта кетейік, аталған сыйлықтың иегеріне өмір бойы айына 500 АҚШ доллары беріледі. Осылайша әдеби ортада сенсация жасап, оқырманның ой-талғамынан шыққан «Күлпет» романы арада екі жыл өткенде, яғни 2024 жылы «Izdigrar» (түрік тілінде) деген атпен жарыққа шықты. Сондай-ақ кейінгі жылдары «Шалахметов шеңбері», «Сегізінші нота» публицистикалық кітаптары баспадан шығып, оқырманға жол тартты. Иә, «Күлпет» романы туралы әдеби ортада түрлі пікірлер айтылды. Соның біріне назар аударсақ: «Бұл роман – Шәкеннің дін философиясы мен ғылым философиясын да игерген кемел адам екенін де көрсетіп тұрған еңбек. Дүние біткенді жаратқан бір Алла екенін бүгіндері дін ғұламалары ғана емес, Шәкеннің өзі айтатын

атамекеніне жол тартты. Туған топырағына табаны тиіп, сүйегі сонда қалса, одан басқа арманы жоқ. Ауылдың ақ шаңдағын кешіп жүрген балдәурен балалық шағы, ақылы толысқан албырт бозбала кезеңі, алыста қалған, алайда жадынан бір сәт өшпеген аяулы махаббаты есіне түседі. Әсіресе, жалғыздың жолына қарай-қарай өмірден өтіп кеткен ата-анасына деген терең сағыныш жүрегін ауыртады... Осындай ұшы-қыры жоқ ойдың жетегінде өткенін саралап, бүгін бағамдайды. Иә, оқиғаның соңында кейіпкер дегеніне жетіп, жан азабынан құтылады. Расында, оның қалауы да осы емес пе еді?! Қорыта айтсақ, туған шаңырағына келіп, аяулы махаббатымен ұшырасып, онымен бірге жан тапсырады. Бізді «Романның басты кейіпкері Әбу Райыстың прототипі кім?» деген

## МҰҒАЛІМ НЕНІ БАЙҚАУЫ КЕРЕК?

Мектептегі буллинг әрдайым ашық сынжал немесе төбелес түрінде көріне бермейді. Көп жағдайда ол үнсіз агрессия түрінде байқалады, яғни оқушыға тікелей қысым көрсетілмегендей көрінгенімен, сынып ішіндегі қарым-қатынас арқылы біртіндеп психологиялық қысым жасалады. Мұндай жағдайды уақытында байқай алмау буллинктің тереңдеуіне әкелуі мүмкін.

Үнсіз агрессияның негізгі ерекшелігі – оның көзге бірден байқалмауы. Мысалы, кейбір оқушылар белгілі бір сыныптасын топтық жұмыстарға қоспайды, әдейі назар аудармайды немесе оны сыныптағы ортақ әңгімеден шет қалдырады. Бұл әрекеттер сырттай қарағанда ұсақ жағдай сияқты көрінгенімен, бала үшін әлеуметтік оқшауланудың ауыр тәжірибесіне айналуы мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, сыныптағы әлеуметтік оқшаулау баланың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді. Егер оқушы өзін сыныптың толық мүшесі ретінде сезінбесе, ол біртіндеп тұйықталып, оқу белсенділігін төмендетуі мүмкін.

Мұғалім үшін ең маңызды міндеттердің бірі – сыныптағы бейресми қарым-қатынастарды байқай білу. Сабақ барысында кімнің кіммен отыратыны, үзілісте кімдердің бірге жүретіні, топтық жұмыстарда кімдердің бір-бірін таңдауы сияқты ұсақ көрінетін факторлар сыныптағы әлеуметтік құрылымды түсінуге көмектеседі.

Осындай жағдайларда мұғалім сыныптағы қарым-қатынасты реттеудің педагогикалық тәсілдерін қолдана алады. Мысалы, топтық жұмыстарда оқушыларды әрдайым бірдей құрамда емес, араластырып отырғызу, ортақ тапсырмалар беру, бір-бірін қолдауға бағытталған жаттығулар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Сонымен қатар сыныпта өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Оқушыларға әр адамның ерекшелігі бар екенін, әркімнің пікірін тыңдау және қабылдау мәдениетін түсіндіру – психологиялық қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызды бөлігі.

Психологиялық тәжірибе көрсеткендей, буллингтің алдын алу көбіне үлкен әрекеттерден емес, сыныптағы күнделікті қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырудан басталады. Егер мұғалім сыныптағы әлеуметтік қатынастарға назар аударып отырса, буллингтің алғашқы белгілерін ерте байқап, оны алдын алуға мүмкіндік алады.

Сондықтан мектептегі қауіпсіз психологиялық орта – тек психологтің ғана емес, әр педагогтің күнделікті жұмысының маңызды бөлігі.

**Дамира АҚҚОЯНОВА,**  
**К.Нұрмаханов атындағы**  
**№95 орта мектебінің**  
**педагог-психологі.**  
Қазалы қаласы

## Тіршілікке әр берешін әділдік

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақ ПЕН-клубының мүшесі, «Меценат.кз» үздік роман әдеби сыйлығының тұңғыш лауреаты Қазығұл Шархан Нағымәтұлы биыл 70 жасқа толып отыр.

Ол – Сыр өңірінің перзенті, Арал қаласында туған. Бала күнінен теңізбен тілдесіп, толқынмен сырласып өскен. Иә, өзі қатарлы балалармен бірге ұзақты күн теңіз жағасында, ақ шағыл құм үстінде алаңсыз ойнайтын кездері әлі есінде. Осындайда әлсін-әлсін ақ көбік атып, жағаға соғылып жататын асау толқындар оның қиялына қанат бітіріп, ішкі әлемін әлдебір бейтаныс сезім баурап алғандай болатын. Бүгінде байқап отырса, бұл сезім шығармашылық әлеміне деген шексіз құштарлық екен-ау...

Мектепте оқып жүргенде мереке күндеріне орай қабырға газеттерін шығаратын. Сол газеттерде жарияланған алғашқы жазбалары қатарластарының қызу талқысына түсіп жататын еді. Алайда түлпеп келгенде, олар мұның тың тақырып, тосын ойларына талассыз келісетін. Иә, ол газеттерде өзара мақтау-мадақ та бар, сын-сықақ та бар. Бірақ соның бәрі бала жүректен шыққан боямсыз жазбалар болғандықтан, кім-кімнің де көңіліне еш кірбіңсіз қона кететін. Осылайша оның бойындағы шығармашылық қабілет сол бала күнінен бастау алғанын бағамдаймыз. Бұл туралы жазушының өзі де бір сұхбатында айтқан екен:

«Менің журналистик тағдырыма әсер еткен адамнан гөрі біздің үйдің қасына орналасқан пошта бөлімшесі болды. Бес жасымнан бастап осы поштаның ішінде жүрдім. Анамның жақын ағасы Демеуғазы деген кісі осында меңгеруші болып істейтін. Танертенгісін поштаға газет тиенген машина келеді. Кіл сары қашыққа салынған газеттерді поштаға түсіре бастайды. Газеттің ерекше бір иісі бар еді. Сол иіс әлі мұрыннан кетпейді. Журналистикаға махаббатым осы істен басталды деуге болады. Бара-бара әркімнен сұрап жүріп, газеттің атауларын оқитын дәрежеге жеттім. Мектепке бармай тұрып әріптестерді таныдым. Үшінші сыныптан бастап аудандық, облыстық газеттерге қысқа хабарлар жаза бастадым. Бір жылда «қысқа хабардың хас шебері» атандым. «Шанышқы» деген сатиралық қабырға газетін шығарғанымды да ұмытпаймын. Маған ойымды жүзеге асыруға сол кездегі біздің мектептің ең жас мұғалімі Құдайберген Сұлтанбаев аға көп көмек көрсетіп еді».

ты хатшысы, одан әрі қарай Балқаш, Іле аудандық басылымдарының бас редакторы болды. Осы жылдары партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық кеңес мүшесі қызметтерін қоса атқарып, қоғаммен етене араласты.

Өмірінің жарты жасын жуық уақытын өзі қалаған журналистика саласына арнаған қаламгер токсанышы жылдардың ортасында ҚР Премьер-министрі Баспасөз қызметінің консультанты, одан соң «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы қоғамдық қатынастар департаментінің бас менеджері, «Рауан» баспа үйі» ЖШС бас директоры – «Нұр-Астана» республикалық қоғамдық-саяси апталығының бас редакторы, «Айқар» республикалық қоғамдық-саяси апталығының құрылтайшысы және «Анар-медиа» ЖШС бас директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

Одан кейінгі жылдары ҚР Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, «Qogam.kz» қоғамдық саяси порталының бас редакторы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ жұртшылықпен байланыс департаментінің сарапшысы, Қазақстан Журналистер одағы Астана қалалық филиалының төрағасы қызметтерін атқара жүріп, баспасөз ісінде бірегей бастамаларымен көрінді. Айталық, ол елімізде PR-маман ретінде де танымал. Осындай қат-қабат жұмыстарының арасында Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінде дәріс оқып, жас ізденушілерге тәжірибесін таратқан кездері болды.

Қалам иесі осылайша жауапкершілігі терең журналистика саласын жетік меңгеріп, қазақ публицистикасында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленді. Соның дәлелі, осы жылдары «Әлем әйнегіндегі әсемдік», «Дүбәра дүние», «Тоғыз тарау туынды», «Оңашадағы онлайн ойлар» (бірінші-екінші кітап), «Палитрасыз портреттер», «Футбол философиясының фрагменттері» сияқты сан алуан тақырыпты қамтыған туындылары жарыққа шығып, оқырманнан оң бағасын алды.

Жазушы Шархан Қазығұл шығармашылығының жалпақ жұртқа танылуына оның 2022 жылы жарық көрген «Күлпет» романы себеп болды. Дәлірек айтсақ, осы шығармасы үшін

Энтони Флю, Мартин Джон Рис, Анатолий Акимов сияқты әлемге белгілі ғалымдар да дәлелдей бастаған жоқ па?! Осыны түсінетін алдыңғы қатарлы адамзаттың қатарындағы Шархан «Күлпет» романында «жан мәңгілігіне» иландыра алған. Көркем шығарманың негізгі мақсаты да осындай тәрбие болса, автор диттегеніне жеткен. Қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес» деп жазыпты белгілі қаламгер Дәуітәлі Омашұлы.

Расында, романды оқып шыққанда ойына ой қосылып, көңілінің көкжиегі кеңейіп түскендей болады. Шығарманың басты кейіпкерінің өмір бойы өзегін ұдай ашытып, жүрегін сыздатқан жан азабын сезінбеуі мүмкін емес. Айтпақшы, автордың өзі түсіндіріп өткендей, «Күлпет» сөзінің мағынасы жан азабы екен.

Америка дейтін алпауыт мемлекеттен өз Отаны – Қазақстан, туып-өскен топырағы Сыр елін, әйгілі Бекұзақ ақын жырлағандай, «Теңіздің табынынан су кетсе де, халқының жүрегінде жыр кетпегені» атамекені Арал өңірін бетке алып жолға шыққан Әбу Райыс есімді кейіпкердің көңілі байыз табар емес. Өткен өмір жолын есіне алған сайын санасын сан түрлі ой соққылап, жанына маза бермейтіндей...

Аспанда, ақ бұлттар арасында, ұшақ ішінде келе жатып оқыстан бойын үрей билейді. Отыз бес жылдан бері ойынан бір сәт шықпаған Отанына жете алмай қалам ба деп шыбын жаны шарқ ұрады. Ішкі дүниесін ақтарып, алай-түлей көңіліне медет іздеп арпалысады:

«Тәлкекке түскен тағдырым қалай ғана осылай өрлілді?» деген өзегімді өртеп, жар жасымды жегідей жеген ащы сұрақ «Жан мәңгілік пе?» деген жартас-сауалға келіп маңдайым соға беретіні несі?! Зәремі зәр түбіне жіберетін аламайт ойдан екі өмірде де құтылмайтын болғаным ба?! Осы үрейден шыға алмаған күйі о дүниеге кетемін бе?! Сонда?! Мына өмірде тартқан жан азабынан ол жақта да арылмайтын болсам, онда келесі өмірдің мен үшін не мәні қалды дейсің?! Сұрқымды алып біткен осы сұрапты сұрақ неге маза бермейді?! Жан мәңгілік пе, мәңгілік емес пе, оны бір Құдай біледі емес пе?! Құдды бір о дүниеге барып келген пақырдай соншама жанымды қоярға жер таппай кеткенім қалай?!»

Иә, түсініп отырғанымыздай, кейіпкердің жан азабы – жат елде өмір сүріп, осында жылдар бойы туған жеріне орала алмауы. Енді міне, жасы жары ортасынан ауған шақта аңсаған

сұрақ қызықтырған болатын. Алайда автордың айтуынша, романның бас кейіпкері Әбужан Райыс – өмірде болмаған адам.

«Мен оны адамзат алдындағы мәңгілік сұрақтарға жауап іздеу барысында ойдан сомдадым. Әрине, оны типтік образға айналдыру жолында көптеген адамның бойында кездесетін қасиеттер жинақталды.

Негізі көркем әдебиетте маған Шыңғыс Айтматов пен Нодар Думбадзеңі өмірге деген философиялық көзқарасы қатты әсер етті. Сол сияқты, Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Төлен Әбдікәдім де көп нәрсені үйрендім. Олар жер бетіндегі барлық адамды бірігуге, бір-біріне қамқор болуға шақырады. Осы философияны жанымға жақын тұттым», – дейді жазушы.

Жалпы романда адам мен жаратылыс арасындағы тылсым сезімнің күші тосын ойлар арқылы тарқатылып отырады. Оның ішінде, туған жер, Отан ұғымының мән-мағынасын терең пайымдап, тілмен жеткізе алмайтын, тек түйсікпен ғана сезінетін өзгеше әсерді өн бойынан өткізгендей боласын. Ойлап қарасақ, романның негізгі идеясы да осы.

Автордың жинарға жарыққа шыққан таңдамалы жинағына «Мың доллар», «Жазушы» әңгімелері енген екен. Екі әңгіменің де мазмұны адам баласының, оның ішінде шығармашылық иесінің жаратылысын, таным-талғамын ашуға бағытталған сынды. Кейіпкерлердің бойында кейбіреулер ұната бермейтін кемшілік болғанымен, ішкі жан дүниесіндегі адалдығы, айналасына күмәнсіз сенетін аңғалдығы, өз еңбегіне жан-тәнімен берілген шынайылығы, сөйтіп заманға бейімделе алмаған болып болмасы оқырманды еріксіз ойландырады.

Шынын айтқанда, бұл күні адам бойынан жоғарыда айттып өткеніміздей, туа бітті таза қасиеттер жоғалып бара жатыр. Керісінше, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» күн көріп, маңдайы терлемей-ақ мансап пен марапатқа үйір болып қалып кетіп тұр. Әйтсе де тіршілікке әр беретін адалдық, әділдік, қайырымдылық тәрізді қасиеттер ғой... Автор осыны айтқысы келген сияқты.

Шығармашылық өкілі, жазушы-публицист, жерлесіміз Шархан Қазығұл мерейтойлық жасына осындай лайықты еңбегімен келіп отыр. Қалам иесінің жана кітабын оқырманға таныстырып, насихаттау іс-шарасы Астана қаласынан бастау алды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**  
**Қазақстан Жазушылар және**  
**Журналистер одағының мүшесі**

## АҚСУАТТА ЖАСАЛҒАН

Өзге облыстарда шұлық шығаратын ірілі-ұсақты цехтар бар. Олар тәжірибе алмасу үшін басқалардың жұмысын көрді. «Көз қорқақ, қол батыр» дегендей, ақыры іске кірісіп кетті.

– Кез келген кәсіпті қолға алған кезде қиындық болары анық. Бір жылдай үйренісе алмадық. Неге бастадық деген ой да келді. Жолдасым бір жыл сынап көрейік, болмаса тоқтатамыз деген шешім шығарды. Бірақ уақыт өте келе, ісіміз алға жылжып дамыды. Өндірісті көруге министрліктен, облыс, қала әкімдіктерінен жауапты мамандар келіп қандай көмек қажет екенін сұрап, қолдау білдірді. Соның арқасында мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, қаражатқа қол жеткіздік. Құрал-жабдығын түгендедік. Ең бірінші кезде күніне 30-40 шұлық шығарсақ, қазір 600-ден асты. Цех шағын болатын. Оны да кеңейттік, – дейді Сәрсенқұл Аралбаева.

Цех шағын болғанымен жұмыс қайнап жатыр. Төрт тоқыма машинасы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Біреуі жондеуден өтуде. Жан-жағында түрлі-түсті жіптер. Екі-үш минутта бір шұлық дайын болды. Қосымша тағы бір құрылғы бар. Онда жұмысшыға арналған қолғап тоқылады.

– Автоматты құрылғылардың арқасының құны – 5-6 миллион теңге шамасында. Олар берілген бағдарламаны жадына сақтап қалады. Сол

бойынша шұлық тоқиды. Бағдарламада тығыздығы, өлшемі, қанша дана болу керектігі жазылады. Танертен 9-да қосылған машина түнгі 1-2-де сөндіріледі. Себебі ұзақ қосылуы тиіс. Аптасына бір рет ғана демаламыз.

Екі-үш күн немесе бір ай қосылмаса, блокқа түсіп қалады. Бұл – құрылғының мүмкіндігі көп әрі тиімді. Мәселен, бір құрылғыда 400 ине болса, 200-200-ден бір-біріне қарсы айналып тұрады. Мұны сатып алған кезде арнайы маман алдырып, балам тілін меңгеріп алды. Қазір осы құрылғыны үйренушілер бізге келіп қыр-сырын сұрайды. Оларға балам жұмыс процесін көрсетеді. Жалпы айына 15 мың дана шұлық өндіріледі. Кейде одан да көп. Мысалы өткенде Астана қаласында өткен жәрмеңкеге қатыстық. Екі күнде 10 мың дана шұлық саттық. Бір алғандар келесі күні қайта айналып келді. Тұрғындар сапасына, бағасына дән риза болды, – дейді ол.

Шұлықтың құрамы 88 пайыз мақта жіп, 9 пайыз эластан және 3 пайыз спандекстен тұрады. Жіпті Өзбекстаннан алдырады. Жылдың барлық мезгіліне арналған шұлық тоқылады. Тұтынушының талғамын да ескеріп, өрнектейді. Ұзын, қысқа қоңыш етіп те жасайды.



Шағын цехтың жұмысын көргеннен кейін келесі шехқа бардық. Айтпақшы бірінші цехта шұлықтың басы тігілмей, ашық күйінде келеді. Оны арнайы құрылғы арқылы тігіп, үтіктеуге жіберіледі. Үтік те соңғы технология, 40-50 градуста қыздырады. Одан әрі жапсырмасы қойылып, дайын қораптарға салынады. Кәсіпкер жапсырманы да өзі шығарады, онда шұлықтың құрамы, өлшемі, «Ақсуат» деген сауда белгісін және өндірушіні көрсетеді.

– Сату жағына келер болсақ, «Сұлтан» сауда үйінде дүкеніміз бар. Үйден де алады, дүкендерге өткіземіз.

Жеткізу қызметі қарастырылған. Билтыр қараша айынан бастап Қаспий дүкені арқылы саудалауды қолға алдық. Сондай-ақ әлеуметтік желінің де көмегі көп. Поштамен де жөнелтеміз. Бастысы, көпшілік бағанын тиімділігіне қызығады. Қалтаға қонымды екенін айтады. Сапасы да көңілден шығады. Базар бағасынан әлдеқайда төмен. Мәселен, балалар мен жасөспірімдер шұлығы 150 теңге, ересектердікі 200-250 теңге аралығында. Бұл – стандарт баға. Егер де көтерме бағамен алса, онда тағы да құны арзандайды, – дейді жауапты маман.

Кәсіпкер шаруасын ширату үшін әлі де тың жобаларын жүзеге асыруда көздейді. Ауладағы бос жерге жаңа әрі кең екі қабатты ғимарат салмақ. Бірінші қабатында цех болса, екінші қабатында киім тігеді. Қазірден тігін машинасын жинауға кірісіпті. Қолғап, шұлықтан бөлек, көрпе, жастықтық пен жапқыштар тігеді. Осылайша балабақша, ауруханалардан тапсырыс алуы ойластыруда. Баласы тұт ағашын егіп, жіпті өзі өндіремек. Мұның бәрі де – алдағы уақытта жүзеге асатын бастамалар. Ал дәл қазіргі уақытта жергілікті ірі сауда сөрелерінде Ақсуаттың шұлығы тұрса деген ниеті бар.

– Бұл ұсынысымызды қала әкімдігі мен тиісті сала мамандарына айтқан едік. Сауда желісінің иелерімен кездесу ұйымдастырып, ойымызды жеткіздік. Олар келісім берді. Өздері хабар береміз деген. Әлі де күтіп жүрміз. Жағымды жаңалық болса бөлісеміз. Өнімге сұраныс бар. Әйтсе де кәсіпкерлер шұлықты сырттан тасымалдайды. Біз шығаратын өнім сапасы шетелдік тауардан кем түспейді. Бастысы, кәсіпкерлер мен тұтынушылар отандық өнімге назар аударса игі, – дейді ол.

Цехта қаншама қорап шұлық дайын тұр. Өйткені жақында жәрмеңкелер мен жергілікті тауар өндірушілердің көрмесіне қатысады.

**Сара АДАЙБАЕВА,**  
**«Сыр бойы»,**  
Сурет: Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Аман келді, жыл келді!



Сурат ашық дереккөзден

Білуімізше, батыс өңірде бұл күнді «Көрісу күні» деп атайды. Әр қазақтың үйінде қазанда ет асылып, дастарқан жайылады.

Жалағаш ауданының тұрғыны, ардагер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі, белгілі ақын Зордан Салықбаевтың жары Дина Миірманова апамыздың айтуынша, Аман күні – Жаңа жылды қарсы алу алдындағы мереке.

– Бала күнімізден естіп өткеніміздей, үлкен кісілер наурыздың 18-і күні Самарқанның көк тасы ерді деп жатаған. Жұрт мәре-сәре боп, дастарқанын жайып, ақ сақалды атаның, ақ жаулықты ананың батасын алуға асығады.

Кешегі кеңестік кезеңде Наурыз тойы ең алғаш 1988 жылы 22 наурызда Өзбекәлі Жәнібеков пен Мұхтар Шахановтың ықпалымен Алматыда бастау алғанын білеміз. Содан кейін 1991 жылдан бастап жалпы ел аумағында тойланып келеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен бірер жылдан бері Наурыз тойы Аман күнінен бастап әрбір күнге өзінше атау беріліп, он күн қатар тойланатын болды.

Бұл үрдіс те көпшіліктің көңілінен шығып, халықтың бірлігін нығайтуға, сонымен қатар, ұлттық мерекеміздің сән-салтанатын арттыруға ерекше әсер етіп отыр, – дейді Дина апай.

Иә, арада қаншама жылдар өткенде жалымызда қайта жаңғырған Наурыз тойы халықтың рухын көтеріп, ынтымағы мен берекесін арттыра түскендей. Алғашқы жылдарға қарағанда, айтулы мереке халықтың ықыласы ерекше.

Билығы Наурызнама онкүндігінің басы Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр. Ел-жұртымыз үшін ынтымақ пен бірліктің орны ерекше. Ұрпағымыздың келешегі кемел, мемлекетіміздің мәртебесі биік болсын!

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

1-бет

15 НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ

Қайырымдылық – қазақ сүйген іс

Наурызнама онкүндігінде белгіленгендей, алдағы 15 наурыз – Қайырымдылық күні. Иә, қоғамда әрқашан мейірімділік пен жанашырлық болса, ел ішінде бауырмалдық, туысқандық іргесі сөгілмес.

Игілікті істі насихаттауға осы күн бекер арналмады. Ел ішінде мазмұнды дәстүрді тереңдете беру қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ете беретіні сөзсіз.

– Жылдағы дәстүрмен тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік, дәрі-дәрмек, басқа да қажеттіліктерін табуға көмек көрсетеміз. Қасиетті Рамазан айымен қатар келген Наурыз мерекесі, оның ішінде Қайырымдылық күні біздің еріктілер қаладағы оқу орындарымен, мектептермен бірлесіп, жұмыс атқаруда.

Атаулы күні әр ауданда да мазмұнды шаралар қолға алынған. Мемлекеттік мекемелердің бастамасымен мұқтаждарды қолдау, көмек беру ісі көбейді.

– Жыл сайын Өз Наурыз мерекесі қарсаңында «Наурыз шапағаты» қайырымдылық шарасы өткізіліп келеді. Осы арқылы халықтың алжауз топтарына, тұрмысы төмен көпбалалы отбасыларға, мүгедектер мен жалғызбасты қарт кісілерге, жетім және қамқоршысынан айырылған балаларға қайырымдылық көмек көрсетілуде.

Бұдан басқа, аймақтағы кейбір білім ордаларында ұжым ауызбірлігін арттыру, мейірімділік пен айналасына жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Шын жүректен» атты қайырымдылық акциясы да ұйымдастырылған.

Айта кетейік, Қайырымдылық күні Қызылорда қаласы мен аудан орталығындағы қоғамдық көліктер халыққа тегін қызмет көрсетеді.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

16 НАУРЫЗ – ШАҢЫРАҚ КҮНІ

Шаңырақтың биік болсын!

Наурыз мерекесі – тек көктемнің келуі мен жаңа жылдың басталуын білдіретін мейрам ғана емес, ол ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, қоғамдағы татулық пен бірлікті нығайтатын ерекше кезең.


Бұл – отбасы құндылықтарын дәріптеуге, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға және қоғамдағы ынтымақ пен татулықты арттыруға арналған ерекше күн.

Отбасы берік болса қоғам да тұрақты, мемлекет те мықты болады. Осы ретте көпшілікке үлгі ретінде Әбсадықовтар әулетін айтпақпыз. Олар былтырғы өткен «Мерейлі отбасы» байқауының республикалық кезеңінің жеңімпазы атанды.

енбегі мен бірлігі, шаңырағының беріктігі мен керегесінің кеңдігі өзгелерге үлгі.

– Қазақ үшін шаңырақ – қасиетті ұғым. Шаңырақ дегеніміз – отбасының бірлігі, ұрпақтың жалғасы, әулеттің тұтастығы. Өмірдің талай белесін артта қалдырған шақта бір түсінгенім – шаңырақтың беріктігі байлық емес, адамдардың бір-біріне деген құрметімен, сыйластығымен өлшенеді екен.

Жалпы «Наурызнама» тұжырымдамасындағы бұл күннің тағы бір мәні – ұрпақтар арасындағы байланысты күшейту. Шаңырақ күні – отбасы институтының маңыздылығын көрсете



Сурат ашық дереккөзден

тетін, ұлттық бірлік пен рухани құндылықтарды дәріптейтін ерекше күн. Әр шаңырақта татулық пен сыйластық орнаған жерде елдің де іргесі берік болады сөзсіз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Table with 3 columns: KazTransOil, ЕСКЕРТУ, ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА. Contains various notices and advertisements.